# Жылу энергиясын тұтыну нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 21 қазандағы № 369 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 қазанда № 35286 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тұрғын үй-жайларына жылу энергиясын тұтыну нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрі* | *К. Шарлапаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және
құрылыс министрінің
2024 жылғы 21 қазандағы
№ 369 Бұйрыққа
қосымша

## Тұрғын үй-жайларға жылу энергиясын тұтыну нормалары

| **Климаттық аймақ** | **Өлшем бірлігі** | **Ғимараттың қабаты** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| **2** | **3** | **4,5** | **6,7** | **8,9** | **10,11** | **12 және одан жоғары** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I климаттық аймақ | гигакаллорий/$м^2$ | 0,1333 ден 0,1859-ге дейін | 0,1197 ден 0,1520-ге дейін | 0,1155 ден 0,1467-ге дейін | 0,1081 ден 0,1373-ге дейін | 0,1027 ден 0,1303-ге дейін | 0,0969 ден 0,1230-ге дейін | 0,0933 ден 0,1185-ге дейін |
| I I климаттық аймақ | гигакаллорий/$м^2$ | 0,0898-ден 0,1332-ге дейін | 0,0807-ден 0,1197-ге дейін | 0,0778-ден 0,1155-ке дейін | 0,0729-дан 0,1081-ге дейін | 0,0692-ден 0,1026-ға дейін | 0,0653-тен 0,0968-ге дейін | 0,0629-дан 0,0933-ке дейін |
| I I I климаттық аймақ | гигакаллорий/$м^2$ | 0,0897 дейін | 0,0806 дейін | 0,0777 дейін | 0,0728 дейін | 0,0691 дейін | 0,0652 дейін | 0,0628 дейін |

Ескерту: осы жылу энергиясын тұтыну нормалары тек тұрғын үй-жайларға қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК